

«Қазақстан футбол федерациясы»
қауымдастығы» ЗТБ
Атқару комитетінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ
25.09.2023 ж. № 6/12 хаттама

ФУТБОЛ АГЕНТТЕРІ ТУРАЛЫ ҚФФ РЕГЛАМЕНТІ



Астана қаласы, 2023 жыл

НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

Футбол агенттігі – бір немесе бірнеше футбол агенттерінің бизнесін жүргізу құралы ретінде әрекет ететін заңды тұлға.

Футбол агенті – футбол агентінің қызметтерін көрсетуге FIFA лицензиясы бар жеке тұлға.

Клиент – футбол агентімен Өкілдік ету туралы келісім жасасқан клуб, ойынша немесе жаттықтырушы

Қызметтер – Футбол агентімен немесе Футбол агенттігімен Клиент үшін немесе оның атынан орындалатын футболға байланысты қызметтер, соның ішінде кез келген келіссөздер, оларға қатысты немесе оларға дайындайтын қарым-қатынас немесе Клиенттің мәміле жасасуы мақсатында жасалған оларға байланысты басқа да әрекеттер.

Байланысты футбол агенті – Басқа футбол агентімен Футбол агенттігі арқылы байланысты Футбол агенті; бір Футбол агенттігінің басшылары және құрылтайшылары/қатысушылары болып табылатын Футбол агенттері; бір-бірімен некеде тұрған немесе бірге тұрып жатқан не жақын туыстар болып табылатын Футбол агенттері; ынтымақтастық туралы (бір реттен көп), Қызметтерді көрсету туралы немесе Қызметтердің кез келген бөлігінен түсетін кірісті-пайданы бөлу туралы қандай да бір ауызша немесе жазбаша келісімдер/келісімшарттар жасасқан Футбол агенттері

Клуб - ойыншыны немесе жаттықтырушыны тарта алатын немесе босата алатын клуб

Жеке тұлға (далее – Фбұдан әрі -ЖТЛ) – ойыншы немесе жаттықтырушы.

Платформа – оның көмегімен лицензиялау, дауларды шешу, үздіксіз кәсіби даму, сондай-ақ есептерді тапсыру процессі жүзеге асырылатын, FIFA басқарылатын цифрлық платформа.

Регламент – осы Футбол агенттері туралы ҚФФ регламенті.

Футбол агенттері жөніндегі FIFA регламенті - Футбол агенттерінің және Футбол агенттіктерінің қызметін реттейтін құжат.

Сыйақы – базалық еңбекақыны немесе ЖТ-қа төлеуге жататын кез келген соманы қамтитын, келісілген еңбек шартында көрсетілген ЖТ жалпы қаржылық өтемақысы

Өкілдік ету туралы келісім- Футбол агенті немесе Футбол агенттігі ЖТ-пен немесе Клубпен жасасқан Қызметтерді көрсету туралы жазбаша келісім

Транзакция – ЖТ Клуба жұмысқа қабылдау (соның ішінде тіркеу, тіркеуден алып тастау, еңбек шартын тоқтату немесе талаптарын өзгерту), сондай-ақ ойыншыны тіркеуді бір клубтан басқа клубқа беру.

Үздіксіз кәсіби даму (бұдан әрі - ҮКД) – Футбол агенттерінің Платформада оқу шеңберіндегі оқу қызметі

Кандидат – Қызметтерді көрсетуге FIFA лицензиясын алуға емтихан тапсыруға ниеттенген жеке тұлға.

ЖТ қатысты терминдер екі жынысқа да қолданымды. Жекеше түрдегі кез келген термин көптік түрге де қолданымды және керісінше.

1 тарау. ҚОЛДАНУ АЯСЫ

1. Осы Регламент Қазақстан Республикасы аумағындағы ҚФФ құзыретіне жататын Футбол агенттерінің және Футбол агенттіктерінің қызметін реттейді және халықаралық сипатқа ие емес барлық Өкілдік ету туралы келісімдерге қатысты қолданымды.

2. Егер Футбол агентінің Қызметі халықаралық трансферге қатысты белгілі бір Транзакциямен (немесе жаттықтырушының оның бұрынғы жұмыс берушісінің қауымдастығынан ерекшеленетін қауымдастыққа кіретін клубқа ауысуына) байланысты болса, мұндай Өкілдік ету туралы келісім халықаралық сипатқа ие және Футбол агенттері жөніндегі FIFA Регламентімен реттеледі.

3. Осы Регламентте ескерілмеген өзге мәселелер Футбол агенттері жөніндегі FIFA Регламентімен реттеледі.

4. Осы Регламенттің ережелері немесе нормалары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмеуге тиіс. Қайшылықтар туындаған жағдайда, осы Регламенттің қайшы келетін ережелері немесе нормалары автоматты түрде жарамсыз деп танылады.

2 тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5. Тек Футбол агенті Қызметтерді көрсете алады.

6. Футбол агенті Футбол агенттері жөніндегі FIFA Регламентінің 5 бабында жазылған біліктілік талаптарына әрқашан сай болуға тиіс.

7. Футбол агенті, сондай-ақ, өзінің іскерлік қатынастарын Футбол агенттігі арқылы жүргізе алады.

8. Футбол агенттігімен жалданған, Футбол агенттері болып табылмайтын кез келген қызметкерлер немесе мердігерлер Қызметтерді көрсете алмайды немесе Өкілдік ету туралы келісімді жасасу үшін ЖТ-қа қандай да бір түрде жүгіне алмайды.

9. Осы Регламенттің немесе Футбол агенттері жөніндегі FIFA Регламентінің талаптары бұзылған жағдайда, Футбол агенті өз Футбол агенттігінің, оның қызметкерлерінің, мердігерлерінің немесе басқа өкілдерінің кез келген мінез құлқы үшін толық жауапты болады

10. Келесі жеке немесе заңды тұлғалар Футбол агентігінің немесе Футбол агенттігінің қызметіне мүдделі болмауға тиіс

1) Клиенттер;

2) Футбол агенттері жөніндегі FIFA Регламентінің 5 бабына сәйкес Футбол агенті болуға құқығы жоқ кез келген адам;

3) ҚФФ ойыншылардың мәртебелері және ауысуы жөніндегі регламентінің 25 немесе 26 бабын бұзып, ойыншыны тіркеуге байланысты қандай да бір құқықтарды тікелей немесе жанама иеленген немесе ұстап тұрған кез келген жеке немесе заңды тұлға.

3 тарау. ӨКІЛДІК ЕТУ

11. Футбол агенті тек Клиентпен Өкілдік ету туралы жазбаша келісімді жасасқаннан кейін ғана оған Қызмет көрсете алады.

12. Тек Футбол агенті ғана әлеуетті клиентке жүгіне алады және онымен Өкілдік ету туралы келісімді жасаса алады.

13. ЖТ мен Футбол агенті арасында жасалған Өкілдік ету туралы келісімнің мерзімі 2 (екі) жылдан аспауға тиіс. Бұл мерзім тек жаңа Өкілдік ету туралы келісім негізінде ұзартылуы мүмкін. Автоматты түрде ұзарту туралы кез келген ереже, немесе Өкілдік ету туралы келісімнің кез келген қолданыс мерзімін максималды мерзімнен асыра ұзартуға бағытталған кез келген өзге ереже жарамсыз болып табылады.

14. Футбол агенті бір ЖТ-пен бір уақытта тек бір Өкілдік ету туралы келісімді жасаса алады. ЖТ-пен Өкілдік ету туралы келісімді жасасу алдында немесе қолда бар Өкілдік ету туралы келісімге өзгерістер енгізу алдында Футбол агенті:

1) Өкілдік ету туралы келісімге байланысты заң жөнінен тәуелсіз консультация алу мүмкіндігін қарастыру қажеттілігі туралы ЖТ жазбаша түрде хабардар етуге;

2) Ол осындай заң жөнінен тәуелсіз консультация алғаны немесе оған жүгінбеуді шешкені туралы ЖТ жазбаша растауын алуға міндетті.

15. Клуб пен Футбол агенті арасында жасалған Өкілдік ету туралы келісімнің максималды қолданыс мерзімі жоқ

16. Әр түрлі транзакцияларға қатысты осы келісімдердің талаптарын сақтаған жағдайда, Футбол агенті кез келген уақытта бір Клубпен бірнеше Өкілдік ету туралы келісімді жасаса алады.

17. Өкілдік ету туралы келісім егер оның ішінде келесі ең аз талаптар болған жағдайда ғана жарамды:

1) Тараптардың атауы;

2) Ұзақтығы (егер қолданымды болса);

3) Қызметтер құнының мөлшері;

4) Көрсетілетін Қызметтердің түрі;

5) Тараптардың қолы.

18. Футбол агенті бір Транзакцияға қатысатын ЖТ және тартушы Клуб үшін Клиенттердің екеуінің де алдын ала жазбаша келісімі болуы шартымен Қызметтерді және басқа Қызметтерді көрсететін жағдайды қоспағанда, Футбол агенті тек Транзакцияның бір тарапы үшін Қызметтерді және басқа Қызметтерді көрсете алады.

19. Футбол агенті бір Транзакция шеңберінде Қызметтерді немесе басқа Қызметтерді:

1) Босататын Клуб және ЖТ;

2) босататын Клуб және тартатын Клуб;

3) барлық тараптар үшін көрсете алмайды.

20. 18 тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, Футбол агенті және онымен байланысты Футбол агенті бір Транзакция шеңберінде әртүрлі Клиенттер үшін Қызметтерді немесе басқа Қызметтерді көрсете алмайды.

21. Қызметтерді көрсеткеннен кейін жасалатын кез келген трансфердік келісімде немесе еңбек шартында, Футбол агентінің, Клиенттің ТАӘ, сондай-ақ FIFA лицензиясының нөмірі және Футбол агентінің қолы көрсетілуге тиіс.

22. Клиент Футбол агентін тартусыз келіссөздерді жүргізе алады және Транзакцияларды жасай алады. Егер бұл осылай болса, онда бұл тиісті трансферлік келісімде немесе еңбек шартында тура көрсетілуге тиіс.

23. Өкілдік туралы келісімдегі кез келген тармақ жарамсыз деп есептеледі, егер ол:

1) ЖТ-тің Футбол агентін тартусыз келіссөздерді өз бетімен жүргізу және еңбек шартын жасасу қабілетін шектейтін болса;

2) Футбол агентін тартусыз келіссөздерді өз бетімен жүргізген және еңбек шартын жасасқан ЖТ айыппұл салатын болса.

24. Егер бұл үшін дәлелді себеп болса, Өкілдік ету туралы келісім кез келген тараппен кез келген уақытта бұзылуы мүмкін. Өкілдік ету туралы келісімді дәлелді себепсіз бұзатын тарап екінші тарапқа кез келген келтірілген залалды өтеуге тиіс. Адалдық қағидатына сәйкес, тараптан келісілген мерзім ішінде шарттық қатынастарды жалғастыруды күту мүмкін болмаған кезде, Өкілдік ету туралы келісімді бұзу үшін дәлелді себеп бар. Бұл келесі жағдайларды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) Футбол агентінің лицензиясының шақыртып алу немесе оның қолданысын тоқтату;

- 2) Футболға байланысты кез келген қызметке қатысуға тыйым салу;
- 3) Ұлттық та, халықаралық та деңгейде, не болғанда барлық тіркеу кезеңіне жаңа ойыншыларды тіркеуге тыйым салу.

4 тарау. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІНЕ ӨКІЛДІК ЕТУ

25. Кез келген Қызметтерге байланысты кәмелетке толмағанға немесе оның заңды қамқоршысына жүгіну (немесе кез келген кейінгі Өкілдік ету туралы келісімді жасасу) кәмелетке толмаған жұмысқа орналастырылатын елде немесе аумақта қолданымды заңнамаға сәйкес олар өзінің алғашқы кәсіптік келісім-шартына қол қоя алатын жасқа жетуіне дейін 6 (алты) айдан бұрын емес жүзеге асырылуы мүмкін. Осындай амал тек кәмелетке толмағанның заңды қамқоршысынан алдын ала жазбаша келісім алынғаннан кейін ғана қолданылуы мүмкін.

26. Кәмелетке толмағанның мүдделерін білдіргісі келген немесе кәмелетке толмағанның қатысуымен Транзакцияда клубтың мүдделерін білдіргісі келген Футбол агенті алдымен кәмелетке толмағандар бойынша арнайы үздіксіз кәсіби даму курсынан табысты өтуге және кәмелетке толмаған жұмыс істейтін елде немесе ұлттық қауымдастық аумағында қолданымды заңнамада белгіленген кәмелетке толмағанның мүдделерін білдіруге қойылатын кез келген талаптарды орындауға тиіс.

27. Футбол агенті мен кәмелетке толмаған арасындағы Өкілдік туралы келісім тек келесі жағдайларда орындалуға жатады:

- 1) Өкілдік туралы келісім 17 тармақта көзделген ең аз талаптарға сәйкес келсе;
- 2) Футбол агенті 25. және 26. тармақтарын орындаса;
- 3) Кәмелетке толмаған жұмыс істейтін елде немесе ұлттық қауымдастық аумағында қолданымды заңнамаға сәйкес, Өкілдік туралы келісімге кәмелетке толмаған және оның заңды қамқоршысы қол қояды.

28. 25 тармақты кез келген бұзу кем дегенде айыппұл салу және Футбол агенті лицензиясының қолданысын 2 (екі) жылға дейінгі мерзімге тоқтату жолымен жазаланады

5 тарау. ҚЫЗМЕТТІ ҮШІН ТӨЛЕМ

29. Футбол агенті Өкілдік ету туралы келісімге сәйкес, Клиенттен Қызметті көрсеткені үшін төлем ала алады.

30. Өкілдік ету туралы келісімге сәйкес тиесілі, Қызмет үшін төлемді тек Клиенттің өзі ғана жүргізеді. Клиент қандай да бір үшінші тараппен шарт жасаса алмайды және оған осындай төлем жасауға өкілеттік бере алмайды.

31. 30 тармақта жазылған қағидаттан тыс жалғыз жайт, Футбол агенті ЖТ мүдделерін білдірген және оның келісілген жылдық сыйақысы, қандай да бір шартты төледерді есептемегенде, 200 000 АҚШ долларынан кем (немесе тең) құрайтын жағдай болып табылады. Бұл жағдайларда ЖТ, Өкілдік ету туралы келісімге сәйкес, өз Футбол агентіне осы Транзакция үшін төлеу туралы тартатын Клубпен келісе алады. Барлық келесі талаптар сақталуға тиіс:

1) Тартатын Клубпен ЖТ атынан жүргізілген Қызмет үшін төлем Футбол агентінің ЖТ қатысты фидуциарлық міндеттеріне ықпал етпейді. Бұл, сонымен қатар, Футбол агентінің тартатын Клубқа қатысты қандай да бір тәуелділікті немесе бағынуды тудырмауға тиіс.

2) Тартатын Клубпен ЖТ атынан жүргізілген Қызмет үшін төлем, ЖТ мен Футбол агенті арасындағы Өкілдік ету туралы келісімде келісілген Қызмет үшін төлемнен аспауға тиіс.

3) Тартатын Клуб ЖТ сыйақысынан 31 тармаққа сәйкес жүргізілген Қызмет үшін қандай да бір төлемді шегере алмайды.

32. Футбол агентіне тиесілі Қызмет үшін төлем ұсынылған шот негізінде төленеді

33. Футбол агенті Қызмет үшін төлемді тек егер төлем Өкілдік ету туралы келісімде күні бұрын келісілген Қызметтерге сәйкес келсе және тиісті Қызметтерді көрсету сәтінде Өкілдік туралы келісім жарамды болғанда ғана алуға құқылы.

Егер еңбек шартының қолданыс мерзімі тиісті Өкілдік ету туралы келісімнің қолданыс мерзімінен асатын болса, Футбол агенті ЖТ-пен жасалған еңбек шарты қолданыста болуына дейін және бұл Өкілдік ету туралы келісімде тура келісілген болса, Өкілдік ету туралы келісімнің мерзімі өткен соң Қызмет үшін төлемді ала алады.

34. Қызмет үшін кез келген төлем тиісті тіркеу кезеңі аяқталған соң және келісілген еңбек шартының қолданыс мерзімі ішінде әр үш ай сайын бөлшектеп жүргізіледі.

35. Тепе-тең есептелетін Қызмет үшін төлем тек ЖТ нақты алған Сыйақы үшін төленуге жатады.

36. Егер келісілген еңбек шартының қолданыс мерзімі алты айдан кем болса, төлем келісілген еңбек шартының қолданыс мерзімі аяқталған соң біржолғы төлеммен жүргізіледі.

37. Футбол агенті, тиісті ойыншы кәмелетке толмаған жұмысқа орналастырылатын елде немесе ұлттық қауымдастық аумағында қолданымды заңнамаға сәйкес өзінің алғашқы кәсіби келісімшартына қол қоятын жағдайларды қоспағанда, кәмелетке толмағанға байланысты Қызметтерді көрсету үшін тартылған кезде Қызметтер үшін төлемді ала алмайды.

38. Егер Футбол агенті 18 тармаққа сәйкес тартатын Клуб немесе ЖТ атынан бір Транзакцияда әрекет етсе (қос өкілдікке жол беріледі), тартатын Клуб Қызмет үшін тиесілі алымның жалпы сомасының 50% дейін төлей алады.

39. Босататын клуб Босататын клубқа тиесілі трансферлік өтемақының әр бөлігін алғаннан кейін Футбол агентінің Қызметін төлеуге тиіс. Босататын клуб осындай кез келген алынған төлемдер туралы Футбол агентін тиісті түрде хабардар етуге тиіс.

40. Футбол агенті келісілген еңбек шартынан шығатын Қызмет үшін қандай да бір әлі тиесілі емес төлемді алуға құқылы емес, егер онда:

1) ЖТ келісілген еңбек шартының қолданыс мерзімі өтуіне дейін басқа тартатын Клубқа ауысатын болса;

2) ЖТ келісілген еңбек шартын дәлелді себепсіз мерзімнен бұрын бұзса және Футбол агенті осындай шартты бұзу сәтінде бұрынғыдай ЖТ мүдделерін білдіретін болса.

41. FIFA Клирингтік палатасының Регламентіне сәйкес Қызмет үшін барлық төлемдер FIFA Клирингтік палатасы арқылы жүргізілуге тиіс.

Егер осы Регламенттің күшіне ену сәтінде FIFA Клирингтік палатасының Регламенті Қызмет үшін төлемді реттемесе, FIFA Клирингтік палатасының Регламенті Қызмет үшін төлемді реттеуді бастауына дейін, төлем Футбол агентіне тікелей төленуге тиіс.

6 тарау. ҚЫЗМЕТ ҮШІН ТӨЛЕМНІҢ ШЕКТІ МӨЛШЕРІ

42. Қызмет үшін төлем келесі түрде есептеледі:

1) ЖТ және тартатын Клубтың мүдделерін білдірген кезде: ЖТ Сыйақысына байланысты;

2) Босататын Клубтың мүдделерін білдірген кезде: тиісті Транзакцияның трансфері үшін өтемақы негізінде

43. Транзакция шеңберінде Қызметтерді көрсету үшін төлеуге жататын Қызмет үшін ең жоғары төлем, нақты Клиентке Қызметтерді көрсететін Футбол агенттерінің санына қарамастан, төмендегіні құрайды:

Клиент	Қызмет үшін төлемнің шекті мөлшері	
	200 000 АҚШ долларынан кем немесе тең (немесе тең бағалы) ЖТ жылдық сыйақысы	200 000 АҚШ долларынан асатын (немесе тең бағалы) ЖТ жылдық сыйақысы
ЖТ	ЖТ сыйақысының 5%	ЖТ сыйақысының 3%
тартатын Клуб	ЖТ сыйақысының 5%	ЖТ сыйақысының 3%
тартатын Клуб және ЖТ (қос өкілдікке жол беріледі)	ЖТ сыйақысының 10%	ЖТ сыйақысының 6%
босататын Клуб (трансфер үшін өтемақы)	трансфер үшін өтемақы сомасының 10%	

Күмән болмау үшін, төмендегілер қолданылуға тиіс:

1) Қызмет үшін тиісті төлем үшін ЖТ Сыйақысының шекті мөлшерін есептеген кезде қандай да бір шартты төлемдер есепке алынбауы мүмкін

2) Егер ЖТ сыйақысы вознаграждение 200 000 АҚШ долларынан асатын болса (немесе тең бағалы болса), егер Футбол агенті ЖТ немесе тартатын Клубтың мүдделерін білдірсе осы соманы жыл-сайын асыру үшін 3% мөлшерінде немесе, егер ол тартатын Клубтың да, ЖТ-тің де мүдделерін білдірсе (қос қкілдікке жол беріледі) 6% мөлшерінде Қызмет үшін шекті төлем салынады

3) Трансферлік өтемақы есебіне:

а) ҚФФ Регламентінің 22 бабына сәйкес келісімшартты мәртебе және ойыншылардың ауысуы бойынша бұзу үшін өтемақы ретінде төленген кез келген сома;

б) Ойыншыны сату үшін кез келген сома кірмеуі мүмкін.

44. Егер Футбол агенті немесе онымен байланысты Футбол агенті транзакцияға дейін немесе одан кейін 24 ай ішінде осы Транзакцияға қатысатын Клиентке басқа Қызметтерді көрсетсе, егер қарама-қарсысы дәлелденбесе, басқа Қызметтер осы Транзакция шеңберінде көрсетілген Қызметтердің бөлігі болды деп болжанады.

45. Егер Футбол агенті және/немесе Клиент 44 тармақта жазылған презумпцияны теріске шығармаса, басқа Қызметтер үшін төленген алымдар осы Транзакция шеңберінде көрсетілген Қызметтер үшін төлемнің бөлігі деп есептеледі.

7 тарау. ФУТБОЛ АГЕНТІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

46. Футбол агенті:

1) Футбол агенттері жөніндегі FIFA Регламентінің 12 бабында сипатталған ең аз талаптарды қамтитын өкілдік туралы жазбаша келісімді жасасатын кез келген Клиентке Қызмет көрсете алады;

2) осы эксклюзивті өкілдік ету келісімінің соңғы екі ай қолданыс мерзімін қоспағанда, басқа Футбол агентімен эксклюзивті өкілдік ету келісімімен байланысты Клиентке жүгінбеуі мүмкін;

3) осы эксклюзивті өкілдік ету келісімінің соңғы екі ай қолданыс мерзімін қоспағанда, басқа Футбол агентімен эксклюзивті өкілдік ету келісімімен байланысты Клиентпен Өкілдік ету туралы келісімді жасаспауы мүмкін

47. Футбол агенті:

1) әрқашан өз Клиентінің (-терінің) ең жақсы мүдделерін білдіріп, әрекет етуге;

2) ҚФФ және FIFA жарғыларын, регламенттерін, құзыретті органдардың ережелерін, директивалары мен шешімдерін құрметтеуге және оларды ұстануға;

3) Қызметтерді көрсеткен кезде мүдделер қақтығысын болдырмауға;

4) олардың ТАӘ, лицензия нөмірі, клиенттерінің қолы және аты Қызметтерді көрсетуден шығатын кез келген келісім-шарттарда көрсетілгенін тексеруге;

5) лицензияны алған кезде Футбол агенттері жөніндегі FIFA Регламентінің 5 бабында және осы Регламенттің 8 тарауында сипатталғандай, әрқашан біліктілік талаптарына сәйкес болуға;

6) Футбол агенттері жөніндегі FIFA Регламентінің 7 бабында және осы Регламенттің 8 тарауында сипатталғандай, Платформада көрсетілген мерзім ішінде FIFA жылсайынғы лицензиялық алымын төлеуге;

7) Футбол агенттері жөніндегі FIFA Регламентінің 7 бабында және осы Регламенттің 8 тарауында сипатталғандай, ҮҚД талаптарын сақтауға;

8) Осы тармақтың 10) тармақшасында және 46 тармақта сипатталғандай, ақпаратты ашуға және есептілікке қойылатын ағымдағы талаптарды орындауға;

9) Осы Регламентті немесе Футбол агенттері жөніндегі FIFA Регламентін, мінез-құлық ережелерін немесе кодекстерін кез келген бұзу деректері туралы тиісті билік органына немесе тиісті сатыдағы органға дереу хабарлауға;

10) Платформаға:

а) Өкілдік ету туралы келісімді орындау, өзгерту немесе бұзу сәтінен бастап 14 күн ішінде: Өкілдік ету туралы өзекті келісімді және Платформада сұратылатын ақпаратты;

б) орындау сәтінен бастап 14 күн ішінде: Өкілдік ету туралы келісімнен басқа Клиентпен жасасқан кез келген келісімді, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, басқа Қызметтерге қатысты келісімдерді және Платформада сұратылатын ақпаратты;

в) Қызмет үшін төлемнен кейін 14 күн ішінде: Платформада сұратылатын ақпаратты;

г) Өкілдік ету туралы келісімнен басқа Клиентпен жасалған кез келген келісімге байланысты төлемнен кейін 14 күн ішінде: Платформада сұратылатын ақпаратты;

д) туындау сәтінен бастап 14 күн ішінде: Футбол агенттері арасындағы қандай да бір Қызметтерді көрсету бойынша ынтымақтастық немесе Қызметтердің кез келген бөлігінен табыстарды немесе пайданы бөлу туралы кез келген шарттық немесе өзге де келісімді;

е) туындау сәтінен бастап 14 күн ішінде: біліктілік талаптарына сәйкес болу жөніндегі міндеттемесіне ықпал ете алатын кез келген ақпаратты;

г) туындау сәтінен бастап 14 күн ішінде: Клиентпен немесе басқа Футбол агентімен жасасқан кез келген бітімгершілік келісімді жүктеуге.

11) егер олар өздерінің іскерлік қатынастарын Футбол агенттігі арқылы жүргізсе, платформаға:

а) Футбол агенттігінің қатысуымен бірінші Транзакциядан кейін 14 күн ішінде: оның меншігінің құрылымын, акционерлердің тұлғасын, оның жарғылық капиталындағы иелену үлесін және/немесе оның фебефициарлық иелерінің тұлғасын;

б) Футбол агенттігінің қатысуымен бірінші Транзакциядан кейін 14 күн ішінде: өз қызметін жүргізу үшін бір Футбол агенттігін пайдаланатын Футбол агенттерінің санын және оның барлық қызметкерлерінің аты-жөнін;

в) туындаған сәттен 30 күн ішінде: бұдан бұрын Футбол агенттігіне қатысты ұсынылған кез келген ақпараттағы кез келген өзгерістерді жүктеуге міндетті.

48. Футбол агенті келесі іс-қимылдарға қатыса алмайды немесе қатысуға тырыса алмайды:

1) Кез келген ЖТ қатысты оны өз еңбек шартын дәлелді себептерсіз мерзімнен бұрын бұзуға немесе еңбек шартындағы қандай да бір міндеттемелерді бұзуға қозғау мақсатында Транзакцияларды жасасу үшін жүгіну, келіссөздерге түсу, кез келген қадамдарды жасау, ақпаратты сұрату немесе қандай да бір түрде тараптар арасындағы талқылауға мүмкіндік жасау (соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына мәлімдемелер);

2) Төмендегілерге кез келген заңсыз жеке, ақшалай немесе өзге артықшылықты, тікелей немесе жанама ұсыну немесе төлеу:

а) Қызметтерге байланысты ҚФФ кез келген лауазымды тұлғасына немесе қызметкеріне;

б) осы Футбол агентімен жасалған өкілдік ету туралы келісімге байланысты ЖТ (немесе ЖТ кез келген отбасы мүшесіне, заңды қамқоршысына немесе досына).

3) Клиенттен маңызды фактілерді, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, төмендегілерді жасыру:

а) мүдделер қақтығысы туралы хабарламау (тіпті, әйтпегенде, егер осындай қақтығыс осы регламентке сәйкес шешілген болса);

б) Клиентке жасалған жазбаша ұсыныс туралы хабарламау (кез келген байланыс түрі арқылы).

4) Осы Регламентте белгіленген шектеуді тікелей немесе жанама айналып өту, мысалы, Қызмет үшін алынатын немесе, әйтпегенде, Клиенттен басқа Қызметтер үшін алынатын төлемді әдейі ұлғайту жолымен.

5) кез келген трансферлік өтемақы төлемін немесе ойыншының бір клубтан екіншіге ауысуына байланысты дайындық үшін төленетін өтемақыны қабылдау. Бұл, шектеусіз, Мәртебе және ауысулар жөніндегі ҚФФ Регламентінің 26 бабында сипатталған кез келген құқықтарды қамтиды.

6) Мәртебе және ауысулар жөніндегі ҚФФ Регламентінде белгіленгендей, тікелей немесе жанама трансферлік кезеңге тартылған болу немесе Мәртебе және ауысулар жөніндегі ҚФФ Регламентінің 25 не 26 бабын бұза отырып, ойыншыны тіркеуге қатысты кез келген құқықтарды иелену.

7) осы регламентті кез келген басқа тәсілмен бұзу.

49. Ақпаратты ашуға және есептілікке қатысты Футбол агенті:

1) олар өз Клиентіне қатысты алған кез келген жазбаша ұсыныс туралы Клиентті (кез келген байланыс құралдары арқылы) дереу хабардар етуге;

2) Клиентке сұранысы бойынша тиісті Өкілдік ету туралы келісімнің немесе басқа Қызметтерге қатысты кез келген басқа да жазбаша келісімдердің көшірмесін, еңбек шартының немесе Қызметтерді көрсетуге байланысты алынған кез келген басқа жазбаша құжаттардың көшірмесі, олар қатыстырылған транзакцияға байланысты жүргізілген кез келген түрдегі төлемдердің толық сипаттамасымен графикті ұсынуға;

3) сұраныс бойынша кез келген түрдегі ақпаратты кез келген нысанда беру туралы кез келген сұранысқа қатысты ҚФФ және/немесе FIFA тиісті органдарымен ынтымақтасуға міндетті.

8 тарау. ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР

50. Футбол агентінің лицензиясының қолданысы автоматты түрде уақытша тоқтата тұрылады, егер ол:

1) кез келген уақытта біліктілік талаптарына сәйкес келе алмаса;

2) FIFA жылсайынғы лицензиялық алымын Платформада көрсетілген мерзімде төлей алмаса;

3) күнтізбелік жыл ішінде ҰҚД талаптарын сақтай алмаса;

4) есептілікті ұсыну бойынша өз міндеттемелерін орындай алмаса;

51. FIFA бас хатшылығы 50 тармақта жазылған талаптардың сақталуы үшін жауапты.

52. Егер 50 тармақтың 1) тармақшасы қолданылса:

1) FIFA бас хатшылығы Футбол агентін ол біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп пайымдауға негіздер бар екені және оның лицензиясы автоматты түрде уақытша тоқтата тұрылатыны туралы хабарлайды;

2) Мәселе FIFA Тәртіптік комитетінеің қарауына шешім қабылдау үшін беріледі.

53. Егер 47 тармақтың 2), 3), және 4) тармақшаларында сипатталған бір немесе бірнеше мән-жайлар қолданымды болса:

1) FIFA бас хатшылығы Футбол агентін олардың сақталмауы және автоматты түрде уақытша шеттету туралы хабарлайды;

2) егер Футбол агенті лицензиясының қолданысын автоматты түрде уақытша тоқтату сәтінен бастап 60 (алпыс) күн ішінде өзінің сәйкессіздігін түзете алмаса, оның лицензиясы кері шақыртылуы мүмкін.

9 тарау. КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

54. Клиенттер:

1) олар өздері осындай қызметпен айналысқысы келмеген жағдайда, Қызметтерді көрсету үшін Футбол агентін жалдай алады;

2) Футбол агентімен келісілген Қызмет үшін төлемді осы Регламентте белгіленген тәртіпте және тиісті Өкілдік ету туралы келісімге, еңбек шартына және трансфер туралы келісімге сәйкес (мән-жайларға байланысты) уақтылы төлей алады;

3) Тиісті өкілдік ету туралы келісімге қол қою алдында Футбол агентінің тиісті FIFA лицензиясы болуын тексеруге тиіс;

4) ҚФФ және/немесе FIFA тиісті органмен осы органдар жіберген Футбол агентіне қатысты кез келген сұраныс бойынша ынтымақтасуға тиіс;

5) Футбол агентінен осы Клиентпен және/немесе оған қатысты жүргізілген кез келген түрдегі төлемдердің (соның ішінде сыйақылар, комиссиялық алымдар және шығындар) толық сипаттамасымен графикті сұрата алады;

6) (клубтар үшін) туындау сәтінен 14 (он төрт) күн ішінде FIFA Трансферлерді келісу жүйесіне (TMS):

а) клуб оған қатысатын халықаралық трансфер болып табылатын әр Транзакцияның аяқталуы кезінде TMS сұратылатын ақпаратты;

б) тиісті Өкілдік ету туралы келісімді кез келген өзгертуді немесе бұзуды;

в) Футбол агентімен жасасқан, Өкілдік ету туралы келісімнен басқа, кез келген келісімді, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, басқа Қызметтерді және TMS сұратылатын ақпаратты;

г) Футбол агентімен жасасқан, Өкілдік ету туралы келісімнен басқа, кез келген келісімге байланысты алымды төлеуден кейін TMS сұратылған ақпаратты жүктеуге тиіс;

д) осы ҚФФ және FIFA Регламенттерін кез келген бұзулар туралы дереу хабарлауға тиіс.

55. Клиенттер (және олардың лауазымдық тұлғалары, бұл қолданымды болғанда) келесі іс-қимылдарға қатысуға және қатысуға тырысуға болмайды:

1) Қызметтерді көрсету үшін лицензияланбаған тұлғаны жалдауға немесе тағайындауға;

2) Футбол агентінен кез келген заңсыз жеке, ақшалай немесе өзге де артықшылықты қабылдауға немесе сұратуға;

3) Қызмет үшін келісілген төлемді қоспағанда, Футбол агентіне (немесе кез келген отбасы мүшесіне немесе Футбол агентімен байланысты басқа тұлғаға) тікелей немесе жанама сыйақы немесе кез келген түрдегі уәде беруге, ұсынуға немесе ұсынуға тырысуға;

4) Ұлттық қауымдастықтарға және клубтарға жеке тұлғаның Футбол агентін таңдау еркіндігіне араласуға немесе оған ықпал етуге;

5) Осы Регламентте белгіленген Қызмет үшін төлемнің шекті мөлшерін кез келген айналып өтуге тікелей немесе жанама қатысуға немесе көмектесуге;

6) 10 тармаққа сәйкес Футбол агенттігіне немесе Футбол агенттігінің істерінде мүддесі болуына;

7) Ұлттық қауымдастықтарға және клубтарға ЖТ өз Футбол агентімен жасасқан Өкілдік ету туралы келісімнің талаптарын бұзуға ткелей немесе жанама қозғауға немесе мәжбүрлеуге;

8) Осы Регламентті кез келген бұзу туралы ҚФФ немесе FIFA дереу хабарламауға;

9) Футбол агентіне немесе Футбол агенттігіне мүддесін білдіруге рұқсат етуге;

10) Осы Регламентті кез келген басқа бұзу.

10 тарау. АҚПАРАТТЫ АШУ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛАУ

56. FIFA:

1) барлық футбол агенттерінің аты-жөндері мен деректемелеріне;

2) футбол агенттері олардың мүдделерін білдіретін клиенттердің аты-жөндеріне, олардың өкілдігінің айрықшылығына немесе айрықша еместігіне және Өкілдік ету туралы келісімнің қолданылу мерзімі аяқталу күндеріне;

3) әр Клиентке көрсетілетін Қызметтерге;

4) Футбол агенттеріге және клиенттерге салыған кез келген санкцияларға;

5) Футбол агенттерінің қатысуымен барлық Транзакциялар туралы толық ақпаратқа, соның ішінде Футбол агенттеріне Қызмет үшін төленетін төлем сомасына қолжетімділікті қамтамасыз етуге тиіс.

11 тарау. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ.

57. Футбол агентінің немесе Клиенттің құқықтарына зиян келтірусіз азаматтық сотта талап ету, FIFA Футбол трибуналының Футбол агенттері палатасы келесі дауларды қарау құзыретіне ие:

1) халықаралық сипаттағы Өкілдік ету туралы келісімнен шығатын немесе оған байланысты (Футбол агенттері жөніндегі FIFA Регламентінің 2 бабының 2 т. қар.);

2) егер олардың талабы Футбол трибуналының қызметін реттейтін процестік қағидаларға сәйкес берілсе;

3) егер дау үшін себеп болған оқиға сәтінен екі жылдан көп емес уақыт өтсе, осы мерзімді қолдану әр нақты жағдайда қаралады.

58. Дауларды шешудің толық рәсімдері Футбол трибуналының қызметін реттейтін Рәсімдік қағидаларда жазылған.

59. Футбол агентінің немесе Клиенттің құқықтарына зиян келтірусіз азаматтық сотта талап ету, ҚФФ дауларды шешу палатасы төмендегі мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы:

1) ұлттық сипаттағы Өкілдік ету туралы келісімнен шығатын немесе оған байланысты;

2) егер өтініш ҚФФ Дауларды шешу жөніндегі палатасының қызметін реттейтін процестік қағидаларға сәйкес берілген болса;

3) егер дау үшін себеп болған оқиға сәтінен екі жылдан көп емес уақыт өтсе, осы мерзімді қолдану әр нақты жағдайда қаралады.

60. Дауларды шешудің толық рәсімдері ҚФФ Дауларды шешу жөніндегі палатасының Рәсімдік қағидаларында жазылған.

12 тарау. ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ

61. FIFA Тәртіп комитеті және FIFA Әдеп жөніндегі тәуелсіз комитеті Футбол агенттері жөніндегі FIFA Регламентіне, FIFA Тәртіп кодексіне және FIFA Әдеп кодексіне сәйкес Футбол агенттері жөніндегі FIFA Регламентін, FIFA Жарғысын және FIFA кез

келген бақа де ережелерін бұзған кез келген Футбол агентіне немесе Клиентке санкциялар салуға құзыретті.

62. FIFA:

1) халықаралық сипаттағы өкілдік ету туралы келісімге байланысты кез келген мәселеге (Футбол агенттері жөніндегі FIFA Регламентінің 2 бабы 2) тармағын қар.);

2) халықаралық трансферге немесе халықаралық Транзакцияға байланысты кез келген мәселеге қатысты құзыретке ие.

63. ҚФФ Бақылау, тәртіп және әдеп комитеті осы Регламентке, ҚФФ Тәртіп регламентіне және Әдеп кодексіне сәйкес, осы Регламентті, ҚФФ жарғысын немесе ҚФФ кез келген басқа нормативтік құжаттарын бұзатын кез келген Футбол агентіне немесе Клиентке санкциялар салуға құзыретті.

64. ҚФФ:

1) халықаралық сипатқа ие емес өкілдік ету туралы келісімге байланысты кез келген мәселеге;

2) ұлттық трансферге немесе ұлттық Транзакцияға байланысты кез келген мәселеге қатысты құзыретке ие.

13 тарау. ЕМТИХАН РӘСІМІ

65. Егер кандидат біліктілік талаптарына сай болса және емтиханды ұйымдастырушы ретінде ҚФФ таңдаған болса, FIFA оны ҚФФ-ке емтихан тапсыруға шақырады

66. ҚФФ кандидаттан емтихан үшін төлемді тек қана емтиханды ұйымдастырып, өткізу бойынша өз шығындарын өтеу үшін ғана ала алады. Кіру жарнасын төлемей кандидатты емтихан тапсыру құқығынан айыруға әкеп соғады.

67. Емтиханға кіру жарнасының мөлшері Қазақстан Республикасында тиісті қаржы жылына белгіленген 7 (жеті) айлық көрсеткішті құрайды

68. ҚФФ емтиханнан өтуге өтінімді бергеннен және емтиханды тапсыру күнін бекіткеннен кейін, ҚФФ кандидаттан оның жеке басын куәландыратын құжатты, сотталмағандығы туралы анықтаманы (ҚР резиденттері үшін), кандидаттың кіру жарнасын төлегенін растайтын құжатты және ҚФФ қалауы бойынша өзге де құжаттарды сұратуға құқылы.

69. Емтихандарды өткізу мерзімділігі және күні FIFA өкімхатында белгіленеді және хабарланады.

70. Футбол агенттері жөніндегі FIFA Регламентіне сәйкес, емтихан FIFA дайындаған сұрақтармен тест болып табылады.

71. Осы Регламентте көзделмеген барлық басқа жағдайларда, мүдделі футбол субъектілері Футбол агенттері жөніндегі FIFA Регламентінің тиісті ережелерін басшылыққа алады.